

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

«Bolashaq» академиясы

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

7M01702 – «Қазак тілі мен әдебиеті»



BOLASHAQ
ACADEMY Est. 1996

Қарағанды, 2021



«Bolashaq» академиясы

Сапа менеджмент жүйесі
Білім беру бағдарламасы
7M01702– «Қазақ тілі мен әдебиеті»

СМЖ БББ-2020
Күні 27.08.21ж.
25 беттің 2 беті

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

«Bolashaq» академиясы



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ 7M01702 - «Қазақ тілі мен әдебиеті»

Оқыту деңгейі: Магистратура

Берілетін дәреже: 7M01702 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі

(ғылыми және педагогикалық бағыт)
ҰБШ бойынша 7 біліктілік деңгейі
Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасы

Қарағанды, 2021



«Bolashaq» академиясы

Сапа менеджмент жүйесі
Білім беру бағдарламасы
7M01702– «Қазақ тілі мен әдебиеті»

СМЖ БББ-2020
Күні 27.08.21ж.
25 беттің 3 беті

Дайындағандар - Академиялық комитет:

- Сембиев Құрманғазы Зәкірұлы – кафедра меңгерушісі, профессор;
- Хамзин Мәуен Хамзаұлы – профессор, ф.ғ.д.;
- Жартыбаев Асылбек Есенкулович – профессор, ф.ғ.д.;
- Жұмағали Задан Тасқалиұлы - профессор, ф.ғ.д.;
- Абдрахманов Рүстем Хасенұлы – кафедра доценті, п.ғ.м.;
- Баймурынов Жанболат Максатович - доцент, ф.ғ.к.;
- Мамраева Гайни Баймағамбетовна – «Bolashaq» колледжінің директоры;
- Амиров Есжан Сарманкулович – Қарағанды гуманитарлық колледжінің директоры;
- Сексенова Зарина Айтугановна – магистрант.

Білім беру бағдарламасы кафедра мәжілісінде қарастырылды. Хаттама № 1 «23» 08 2020ж.

Кафедра меңгерушісі

К.З.Сембиев.

Білім беру бағдарламасы ОӘК отырысында қаралды. Хаттама № 1 «24» 08 2020ж.

Білім беру

бағдарламасының сараптамасы:

1. Қарағанды облысы білім басқармасының «Мұрагер» мамандандырылған мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.
2. Қарағанды облысы «Қарағанды қаласының білім бөлімі» ММ «№6 жалпы білім беретін орта мектебі».
3. Қарағанды қаласы әкімдігінің «Қарағанды қаласының «№68 МИ» ЖББ КММ.
4. Ә.Бөкейханов атындағы №76 ЖББОМ
5. Көпсалалы гуманитарлық-техникалық колледжі
6. Қарағанды гуманитарлық колледжі
7. Қарағанды «Bolashaq» жоғарғы колледжі.

Бағыты: 7M017 Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау. 7M01701-Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасы. Лицензия №KZ62LAA00016157 23.05.2019 ж.



«Bolashaq» академиясы

Сапа менеджмент жүйесі
Білім беру бағдарламасы
7M01702– «Қазақ тілі мен әдебиеті»

СМЖ БББ-2020
Күні 27.08.21ж.
25 беттің 4 беті

1. Білім беру бағдарламасының сипаттамасы

Білім беру бағдарламасының мақсаты	<ul style="list-style-type: none"> – заманауи филологиялық үдерістер мен құбылыстарды талдаудың ғылыми-зерттеу және тәжірибелік әдістерін меңгерту; – еңбек нарығының талаптарына сай жоғары білікті педагогикалық кадрлар даярлау; – ғылыми-гуманитарлық пәндер саласында жүйеленген білім қалыптастыру және инновациялық технологияларды қолдануды жүзеге асыру; – жоғарғы әлеуметтік және азаматтық жауапкершілігі бар, кәсіби қызметті жүзеге асыруға қабілетті магистрлердің негізгі және арнайы құзыреттіліктерін қалыптастыру; – дүниетаным және ғылыми ойлауы аясында жалпыадамзаттық және әлеуметтік-тұлғалық құндылықтарын қалыптастыру.
Білім беру бағдарламасы бойынша кадр даярлау бағытының картасы	
Білім беру саласының коды мен атауы	7M017– «Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау»
Даярлау бағытының коды мен атауы	7M017 – Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау
Білім беру бағдарламасының коды мен атауы	7M01702– «Қазақ тілі мен әдебиеті»
Бітірушінің біліктілік сипаты	
Берілетін дәреже	7M01702 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі
Маманлау азымдарының тізбесі	<p>7M017 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі академиялық дәрежесі беріледі. Қазақстан Республикасының қызметтік Типтік квалификациялық мінездеме педагогикалық қызметкерлердің 2009 жылдың 13 шілдесіндегі № 338, өзгерістер мен қосымшалар 09 маусым 2011 жыл № 241, 27 желтоқсан 2013 ж. № 512 бұйрығы бойынша педагогика ғылымдарының магистрін жұмыс өтілімін талап етпестен кәсіби басшылық анықтамалық жұмысына, маман және басқалай қызмеКҚе қазақ тілі мен әдебиеті, оқытушысы, оқытушы (ассистент) ретінде қабылдай алады.</p> <p>Оларға теңестірілген адамдар қатарында Еңбек және әлеуметтік қорғау министрі бұйрығымен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің бұйрығымен 2012 жылдың 21 мамырындағы № 201 білім беру қызметін жүзеге асырады:</p> <ul style="list-style-type: none"> – кіші ғылыми қызметкер (ЖОО ұсынысымен (факультеттер) жоғары оқу орнының түлектерін қоспағанда (магистратураның) оқу мерзімінде тәжірибе алғандар тағайындала алады).
Кәсіби қызмет саласы	7M017 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі кәсіби қызметін білім беру саласында жүргізеді. Ұлттық біліктілік шеңбері бойынша (әрі қарай – ҰБШ)



«Bolashaq» академиясы

Сапа менеджмент жүйесі
Білім беру бағдарламасы
7M01702– «Қазақ тілі мен әдебиеті»

СМЖ БББ-2020
Күні 27.08.21ж.
25 беттің 5 беті

	біліктілік деңгейі – 7.
Кәсіби қызмет нысаны	7M017 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі кәсіби қызметінің нысандары: – меншік нысанына және ведомстволық бағыныштылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарының барлық типтері мен түрлері; – техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары; – жоғары оқу орындары; – ғылыми-зерттеу институттары; – білім беру жүйесіндегі қызметкерлердің біліктілігін арттыру және қайта даярлау институттары; – білім беру саласындағы өкілетті және жергілікті атқарушы органдар.
Кәсіби қызмет функциясы	7M017 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша педагогика ғылымдарының магистрінің кәсіби қызмет аясы: – инновациялық психологиялық-педагогикалық әдіс-тәсілдер мен құралдарды қолдана отырып, білім алушыларды оқыту және тәрбиелеу жұмыстарын ұйымдастыру; – жоғары оқу орнының білім беру үдерісі шеңберінде магистранттардың зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру; – оқу үдерісінде білім берумен қатар магистранттарға зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру; – өкілетті және жергілікті атқарушы органдардың білім беруді басқаруда инновациялық үдерістерді қолдауын қамтамасыз ету.
Кәсіби қызмет түрлері	7M017 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша педагогикалық ғылымдар магистрі келесі кәсіби қызмет түрлерін орындауы мүмкін: – білім беру (педагогикалық); – оқу-тәрбиелік; – оқу-технологиялық; – әлеуметтік-педагогикалық; – ғылыми-зерттеу; – ұйымдастыру-басқарушылық



«Bolashaq» академиясы

Сапа менеджмент жүйесі
Білім беру бағдарламасы
7M01702– «Қазақ тілі мен әдебиеті»

СМЖ БББ-2020
Күні 27.08.21ж.
25 беттің 6 беті

2Құзыреттілік картасы

Кодтар	Жалпы құзыреттілік	Кодтар	Оқыту нәтижелері
ЖК1	<p>Құзыреттілігі: Магистранттардың ғылым философиясы және тарихы жөнінде негізгі білімін қалыптастыруға бағытталған. Ғылыми зерттеулер жасауға жол ашатын әр-түрлі әдіс тәсілдердің, методологиялық анализдеудің негізгі принциптерімен танысу, ғылыми білімнің түрлерімен жүйелерін анықтай білу.</p> <p>Қазіргі заман зерттеу жұмыстарын жүргізуге дайындық ретінде беріледі. Келешекте Ғылым тарихы және философиясы, педагогика, психология, шет тілі пәндерінен емтихан тапсыруға жол ашатын философиялық ойлау жүйесі мен логикалық қабілеттілікті қалыптастыруға үлес қосатын маңызды оқу бағдарлама.</p>	ОН1	<p>Білуі керек: Алған білімін ғылыми зерттеулер контекстінде қолдана алу; процестер мен құбылыстарды зерттеудің қолданыстағы тұжырымдамаларын, теориясымен тәсілдерін сын-көзбен талдай алу; әртүрлі пәндер арасында алған білімін жаңа таныс емес жағдайларда зерттеу міндеттерін шешу үшін интеграциялай алу; білімді интеграциялау жолымен, толық емес немес ешектеулі ақпараттар негізінде тұжырымдама жасап, шешім қабылдай алу; жоғары мектеп педагогикасы мен психологиясынан алған білімін өз педагогикалық қызметінде қолдана алу; ақпараттық-талдамалық және ақпараттық-библиографиялық жұмысты қазіргі ақпараттық технологияларды қолданып жүргізе алу; ғылыми зерттеулер жүргізуге және жоғары оқу орнында арнайы пәндер бойынша сабақ жүргізуді жүзеге асыруға мүмкіндік беретіндей кәсіптік деңгейде шет тілін еркін меңгере алу; диссертация, ғылыми мақала, есеп, талдамалық жазбалар және т.б. түрінде ғылыми-зерттеу және талдамалық жұмыс нәтижелерін жалпылай алу.</p> <p>Меңгеруі керек: Ғылыми-зерттеу әрекеттері, қалыпты ғылыми мәселелерді шешу; кредиттік оқыту технологиясы бойынша білім беру және педагогикалық қызметті жүзеге асыру; кәсіптік пәндерді оқыту әдістемесін өз қызметінде қолдану.</p>



«Bolashaq» академиясы

Сапа менеджмент жүйесі
Білім беру бағдарламасы
7M01702– «Қазақ тілі мен әдебиеті»

СМЖ БББ-2020
Күні 27.08.21ж.
25 беттің 7 беті

КҚ2	<p>Құзыреттілігі: Тіл тарихын дәуірлеуде диахрондық, синхрондық әдіс арқылы теориялық негіздері қарастырылады. Тілді үнемдеуде синтаксистік жүйенің теориясы қамтылады. Тарихи-салыстырмалы зерттеу аясында түркі тілдерінің алыс-жақындығы, туыс-туыс еместігі айқындалады. Ғылыми мәтіннің прогматикалық мәселелерін шешу арқылы ғылыми аударманың негіздері қамтылады.</p> <p>ҒЗЖ магистр даярлау бағыттарының негізгі білім беру бағдарламаларының құрамында, инновациялық қызметтің алуан түрлерін орындауға дайын, жоғары білікті мамандар қалыптастыру мен тәрбиелеуге көмектеседі.</p> <p>Магистранттардың шығармашылық ойлауы мен дербестігін дамытып, теориялық және практикалық білімдерін тереңдетеді.</p>	ОН2	<p>Білуі керек: Тіл тарихын дәуірлеуде теориялық тұжырымдары мен әдіс-тәсілдерін білу; синтаксистік жүйедегі үнемдеу құбылыстарының заңдылықтарын қолдану; түркі тілдерін тарихи-салыстырмалы зерттеу арқылы тілдердің классификациясын ұғыну; ғылыми аударманың мәтіндегі контекстін дұрыс қолдана білу; тақырыпөзектілігінің негіздемесін, зерттеу объектісінің пайдалану болжамын, методологиялық сипаттамасын білу; зерттеудің теориялық базасы болып табылатын негізгі әдебиет көздерінің іріктеу және зерттеуді игеру.</p> <p>Меңгеруі керек: Тілдің тарихы мен түркі тілдерінің дәуірлерін зерттелуі мен әдіс-тәсілдерін меңгеру; әр түрлі мәтіндер құрастыру, аудару, жетілдіру және өңдеу (түзету, редакциялау, түсінік беру, баяндау) дағдыларын меңгеру. әдеби мәтінді талдау бағыты бойынша ғылыми жоба, зерттеу жұмысын әзірлеу; өзекті ғылыми-зерттеу жарияланымдарына негізделетін және зерттеу жүргізетін саладағы жетекші мамандар алған негізгі нәтижелер мен ережелерді талдауды, диссертациялық зерттеу шеңберінде олардың қолданылушылығын бағалаудан тұратын диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша әдебиеттерді меңгеру.</p>
КҚ3	<p>Құзыреттілігі: Әдебиет тарихы мен теориясының жекелеген салаларына тереңдей еніп, ғылыми тұжырымдарды салыстырады. Әдебиеттанудың кейбір мәселелеріне ғылыми көзқарастар мен пайымдаулар тұрғысынан нақтылай баға бере біледі. Тарихи, әдеби мұраларымыздың зерттелу аясында практикалық сабақтарда талдау, зерделеу, сараптау.</p> <p>Магистрлік диссертацияны орындауды қоса есептегендегі магистранттың ғылыми- зерттеу</p>	ОН3	<p>Білуі керек: Ежелгі дәуірден бері қарайғы әдебиеттің даму өрісін біледі; әдебиет тарихын дәуірлеу туралы әдебиеттану ғылымында ғылыми бағалаулардың жүйесін, әдебиеттің даму процесін танып біледі; тақырыпөзектілігінің негіздемесін, зерттеу объектісінің пайдалану болжамын, методологиялық сипаттамасын білу; зерттеудің теориялық базасы болып табылатын негізгі әдебиет көздерінің іріктеу және зерттеуді игеру.</p> <p>Меңгеруі керек: Әдебиет тарихын дәуірлеуді, әдебиеттану ғылымындағы тарих пен</p>



«Bolashaq» академиясы

Сапа менеджмент жүйесі
Білім беру бағдарламасы
7M01702– «Қазақ тілі мен әдебиеті»

СМЖ БББ-2020
Күні 27.08.21ж.
25 беттің 8 беті

	<p>жұмысы магистр даярлау бағыттарының негізгі білім беру бағдарламаларының құрамында, инновациялық қызметтің алуан түрлерін орындауға дайын, жоғары білікті мамандар қалыптастыру мен тәрбиелеуге көмектеседі.</p> <p>Магистранттардың шығармашылық ойлауы мен дербестігін дамытып, теориялық және практикалық білімдерін тереңдетеді.</p>		<p>әдебиеттің сабақтастығын, ежелгі дәуірден бергі қазақ әдебиетінің дамуын меңгереді; қазақ әдебиетіндегі уақыт пен кеңістіктің даму тенденциясын, әдебиет теориясының өзекті мәселелерін, көркем әдебиетті зерттеудің ғылыми принциптерін игереді;</p> <p>өзекті ғылыми-зерттеу жарияланымдарына негізделетін және зерттеу жүргізетін саладағы жетекші мамандар алған негізгі нәтижелер мен ережелерді талдауды, диссертациялық зерттеу шеңберінде олардың қолданылушылығын бағалаудан тұратын диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша әдебиеттерді меңгеру.</p>
КҚ4	<p>Құзыреттілігі: Тіл білімінің ғылыми-теориялық бағыттарын, теориялық тұжырымдарын, қазіргі кезеңдегі мәселелерін, ғылыми концепцияларын, тіл біліміндегі жаңа технологиялар мен әдіс-тәсілдерін және тілдің парадигмалық айрықша белгілерін қарастырады. Тіл білімінде функционалды, когнитивтік, этнолингвистикалық, прагматикалық, елтаным-мәдениеттанымдық, сондай-ақ тіл ғылымының бағыттарын қамтиды.</p>	ОН4	<p>Білуі керек: Академиялық грамматика теориясының ғылыми таным құрылымын, формасы мен әдісін, оның дамуын, жалпы қағидаларын, қазіргі филологияның негізгі бағыттарын, қазіргі ғылымда қолданылатын зерттеу әдістері мен олардың тәсілдерін, жаңа білімді жетілдіру амалдарын игеру;</p> <p>Меңгеруі керек: Коммуникативтік құзыреттілік адамдармен өзара әрекет пен қарым-қатынас тәсілдерін, түрлі әлеуметтік топтарда жұмыс істеу дағдыларын, қоғамдағы әлеуметтік рөлдерді орындау, өмірдегі нақты жағдайларда шешім қабылдау үшін байланыстың түрлі объектілерін меңгеру.</p>
КҚ5	<p>Құзыреттілігі: Әдебиеттің тарихы, қоғамдық-әлеуметтік жағдайлармен тығыз байланысын қарастыру арқылы әдебиеттің ұлт ой-санасын оятудағы міндетін айқындау.</p> <p>Тәуелсіздік жылдардағы дәстүрлі әдебиет үлгісін дамыту мен өзіндік ізденістерден туған жаңашылдықтың белгілерін тану;</p>	ОН5	<p>Білуі керек: Тәуелсіз жылдардағы әдебиетте жаңа жанрлардың пайда болуы мен өркендеуінің мән-маңызын білу;</p> <p>XX-XXI ғ. межесіндегі Абай дәстүрі мен үлгісін дамытудың сан-салалы шығармашылық жетістіктеріне назар аударып, аударма саласындағы қол жеткен жетістіктерді үйрену;</p> <p>ғасырлар тоғысындағы әдебиеттің өркендеуіне негіз салған қоғамдық-санаткерлік, көсемсөздік (публицистік) міндеттердің</p>



«Bolashaq» академиясы

Сапа менеджмент жүйесі
Білім беру бағдарламасы
7M01702– «Қазақ тілі мен әдебиеті»

СМЖ БББ-2020
Күні 27.08.21ж.
25 беттің 9 беті

	<p>Әдебиеттегі ірі әдеби тұлғалардың романтизм мен реалистік әдіс-тәсілдерін қатар ала жүріп, өмір шындығын ашудағы өзіндік қолтаңбасын бағамдау; Әдеби бағыттардың ерекшеліктері мен ортақ бірлігін нақтылап, белгілі өкілдерінің шығармашылығы арқылы творчестволық жетістіктері мен кемшіліктерді саралау. Магистрлік диссертацияны орындауды қоса есептегендегі магистранттың ғылыми- зерттеу жұмысы арқылы инновациялық қызметтің алуан түрлерін орындауға дайын, жоғары білікті мамандар қалыптастыру мен тәрбиелеуге көмектеседі.</p>		<p>нәтижелерін салыстырмалы түрде ұғыну. Тақырыпөзектілігінің негіздемесін, зерттеу объектісінің пайдалану болжамын, методологиялық сипаттамасын білу; зерттеудің теориялық базасы болып табылатын негізгі әдебиет көздерінің іріктеу және зерттеуді игеру.</p> <p>Меңгеруі керек: XX-XXI ғ. межесіндегі әдебиет өкілдерінің шығармашылық лабораториясына ену арқылы шығармашылығы мен жетістіктерін меңгеру; бұрын қарастырылмай, немесе біржақты қарастырылып келген әдебиеттің айтулы тұлғаларының шығармашылығын бүгінгі көзқарас тұрғысынан саралау. XX-XXI ғ. әдебиетіндегі азаматтық рух алып келген ақын-жазушылар шығармашылығының қазақ әдебиетіндегі асыл арналарын жүйелеу. XX-XXI ғ. әдебиетіндегі қазақ әдебиетінің басты қаламгерлерінің шығармашылығына тоқталып, әр жылдары жазылған шығармаларын талдау, әдеби процестің мәні мен мазмұнын түсіну; ғасыр басындағы әдебиеттің ерекшелігіне тоқталу, талдау; өзекті ғылыми-зерттеу жарияланымдарына негізделетін және зерттеу жүргізетін саладағы жетекші мамандар алған негізгі нәтижелер мен ережелерді талдауды, диссертациялық зерттеу шеңберінде олардың қолданылушылығын бағалаудан тұратын диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша әдебиеттерді меңгеру.</p>
<p>МК6</p>	<p>Құзыреттілігі: Магистрлік диссертацияның орындалуын қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы арқылы инновациялық қызметтің алуан түрлерін орындауға дайын, жоғары білікті мамандар қалыптастырады. Зерттеу практикасы барысында магистрлік диссертация жұмысының өзектілігі мен жаңашылдық деңгейін қалыптастырады. Қазіргі ақпараттық технологияларды қолданып,</p>	<p>ОН6</p>	<p>Білуі керек: Ғылыми пайымдауға, тұжырым жасауға, зерттеуші ретінде ой қорытуға дағдылану; ғылыми әдебиеттермен жұмыс жасау және теория мен практиканы ұштастыру құзыретіне ие болу; диссертациядағы мәселелер мен сұрақтарды шешуде құрастырылған сараптамаларды жасай отырып, өз бетімен орындалатын жұмысты жүргізуді игеру; нақты мәліметтерді жинақтау, жүйелі талдау, өзінің идеясын нақты, стандартты және айқын түрде жеткізе білу.</p>



«Bolashaq» академиясы

Сапа менеджмент жүйесі
Білім беру бағдарламасы
7M01702– «Қазақ тілі мен әдебиеті»

СМЖ БББ-2020
Күні 27.08.21ж.
25 беттің 10 беті

библиографиялық жұмыс жүргізуге бейімделеді. Магистрлік диссертация– ғылым мен тәжірибенің қазіргі теориялық, әдістемелік, ғылыми зерттеулердің қазіргі әдістерін қолдана отырып, магистранттың өз бетімен зерттеу нәтижелерін жинақтауды қалыптастырады. Қорғау үдерісінде магистранттар зерттеудің алға қойған мақсатын нақты айқындайды, әдістерін сипаттай алады және алынған нәтижелерін өзінің мазмұндауында иллюстративтік материалдарды пайдалана отырып баяндай алуға қалыптасады. Магистрант диссертацияны дайындау барысында теориялық білімдері мен тәжірибелік дағдыларын жүйелейді, бекітеді, кеңейтеді және оларды нақты ғылыми міндеттерді шешуде қолдана алады.

Меңгеруі керек:Алған білімін практикамен ұштастыра отырып, өз мамандығы бойынша ғылыми-зерттеу жұмысын жасауды меңгереді; ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізудің принциптері мен тәсілдерін біледі; магистрлік диссертацияның негізгі бөлімінде тұжырымдалған міндеттерді және шығармашылықпен ойлану арқылы жұмыстың тақырыбын меңгереді.



«Bolashaq» академиясы

Сапа менеджмент жүйесі
Білім беру бағдарламасы
7M01702– «Қазақ тілі мен әдебиеті»

СМЖ БББ-2020
Күні 27.08.21ж.
25 беттің 11 беті

3. Пәндер туралы ақпарат

№	Цикл	Пәндер атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы (30-50 сөз)	Кредиттер көлемі	Оқыту нәтижелері (коды)
1	БП/ЖК	Ғылым тарихы мен философиясы	Философиялық дайындықтың мазмұны магистранттардың философиялық компетенттілігін қалыптастыруды меңгереді. Ғылым тарихы мен философиясының мәні мен маңыздылығын біледі. Ғылымның пайда болуы мен дамуын, ғылыми теориялары мен әдістерінің өзгертілуін жан-жақтан және терең талдау жүргізуге дағдыланады. Ғылым тарихы мен философиясы пәнінен алған білімді практикада пайдалана алатын болады.	4	ОН1/ЖК
2	БП/ЖК	Шетел тілі (кәсіби)	Шет тілін лексикалық деңгейде ғана емес, грамматикасының теориясын да меңгереді. Коммуникативті қарым-қатынас жағдаяттарында ауызша екі жақты аудару үшін сөйлеу әрекетінің барлық түрлерін біліп шығады. Ана тіліндегі мәтіндерді шет тіліне аудару шет тілінен ана тіліне аудару дағдысы қалыптасады. Шет тілін меңгеру, тілдік қарым-қатынас құзыреттілігін жүзеге асырады. Түрлі функционалды стилдердегі мәтіндерді стилистикалық тұрғыдан талдай алады.	5	ОН1/ЖК



«Bolashaq» академиясы

Сапа менеджмент жүйесі
Білім беру бағдарламасы
7M01702– «Қазақ тілі мен әдебиеті»

СМЖ БББ-2020
Күні 27.08.21ж.
25 беттің 12 беті

3	БП/ЖК	Жоғары мектеп педагогикасы	Педагогиканың жалпы мәселелерін меңгереді. Педагогиканың даму жолдары мен оған үлес қосқан ғалымдардың еңбектерін біледі. Педагогиканы басқа ғылымдармен байланыстыру дағдысы қалыптасып, бекиді. Педагогиканың жеке пәндерге тармақталуын және оларды өзара байланыстыра қарау құзыретіне ие болады.	4	ОН1/ЖК
4	БП/ЖК	Басқару психологиясы	Біліктілігі бар психолог ретінде клиенттің құпияларын сақтауды (конфиденциалдық) меңгереді. Сөйтіп, мәдениеттілік деңгейі артады. Психолог ретінде клиенттің сұранысын үнемі нақты қабылдап, психологиялық ақпараттарды қандай ауқымда болмасын дәл қолдана білетін болады. Квалификациясы бар психолог өз реакциясы арқылы педагогке немесе клиентке әсер етуге дағдыланады. Психолог ретінде тәрбиеші, мұғалім, ата-аналарды баланың психикалық даму шарттарымен және заңдылықтарымен таныстыру құзыреті болады.	4	ОН1/ЖК
5	БП/ЖК	Педагогикалық практика	Алған білімін практикамен ұштастыра отырып, өз мамандығы бойынша ғылыми-зерттеу жұмысын жасауды меңгереді. Ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізудің принциптері мен тәсілдерін біледі. Ғылыми пайымдау, тұжырым жасауға, зерттеуші ретінде ой қорытуға дағдыланады. Ғылыми әдебиеттермен жұмыс жасау және теория мен практиканы ұштастыру құзыретіне ие болады.	3	ОН1/ЖК
6	БП/КҚ	Әдебиет тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері	Қазақ әдебиеті тарихын дәуірге бөліп қарастырудағы алғашқы ізденістер мен ғылыми концепциялар арасындағы қайшылыққа толы белестерді, ғылыми-әдіснамалық, теориялық көзқарастарды, осы бағыттағы жетістіктер мен іркілістерді қазіргі таңдағы басты талап тұрғысынан меңгереді. Әдебиеттанудағы әдебиет тарихын дәуірлеудің теориялық негіздерін қарастыру әдеби мұраны игеру, зерттеу, дәстүр мен жалғастық, тарихи сабақтастық сынды күрделі ғылыми мәселелерді біліп шығады. Әдебиет тарихын дәуірлеудегі әлемдік ғылыми ізденістермен қатар отандық	4	ОН2/КҚ



«Bolashaq» академиясы

Сапа менеджмент жүйесі
Білім беру бағдарламасы
7M01702– «Қазақ тілі мен әдебиеті»

СМЖ БББ-2020
Күні 27.08.21ж.
25 беттің 13 беті

			әдебиеттанудағы осы мәселедегі ғылыми-зерттеушілік ізденістердің тәжірибелерін айырып тануға дағдыланады. Қазақ әдебиеттану ғылымы мен әдебиет тарихы және әдебиет тарихын дәуірлеу принциптері жөнінде білім алып, аталған мәселелерге орай білімдік құзыреті қалыптасады.		
	БП/КҚ	Ұлттық әдеби теориясының қалыптасу тарихы	Ұлттық әдеби теориясының қалыптасу тарихы ғылыми-әдіснамалық, теориялық көзқарастарды, осы бағыттағы жетістіктер мен іркілістерді қазіргі таңдағы басты талап тұрғысынан меңгеру көзделеді. Ұлттық әдеби теориясының қалыптасу тарихы қарастыру әдеби мұраны игеру, зерттеу, дәстүр мен жалғастық, тарихи сабақтастық сынды күрделі ғылыми мәселелерді біліп шығады. Ұлттық әдеби теориясының қалыптасу тарихы әлемдік ғылыми ізденістермен қатар отандық әдебиеттанудағы осы мәселедегі ғылыми-зерттеушілік ізденістердің тәжірибелерін айырып тануға дағдыланады. Ұлттық әдеби теориясының қалыптасу тарихы тарихы және әдебиет тарихын дәуірлеу принциптері жөнінде білім алып, аталған мәселелерге орай білімдік құзыреті қалыптасады.	4	ОНЗ/КҚ
	БП/КҚ	Ұлттық әдебиеттану ғылымының тарихы	Ұлттық әдебиеттану ғылымының тарихы ғылыми-әдіснамалық, теориялық көзқарастарды, осы бағыттағы жетістіктер мен іркілістерді жан-жақты зерделеніп, меңгертіледі. Ұлттық әдебиеттану ғылымының тарихы әдеби мұраны игеру, зерттеу, дәстүр мен жалғастық, тарихи сабақтастық сынды күрделі ғылыми мәселелерді меңгертуге негізделеді. Ұлттық әдебиеттану ғылымының тарихы, арғы-бергі әдебиет үлгілері, Отандық әдебиеттанудың тарихының тәжірибелерін білуге, өзара ұқсастықтары мен айырмашылықтарын ажыратуға дағдыланады. Ұлттық әдебиеттану ғылымының тарихының теориялық мәселелерін меңгеру арқылы білімдік құзыреті қалыптасады.	4	ОНЗ/КҚ
7	БП/КҚ	Түркі тілдерін тарихи-салыстырмалы зерттеу	Түркі тілдері, оның аясындағы түркі жазба ескерКҚіштері, түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасын меңгереді. Тарихи-салыстырмалы зерттеулерге қойылатын талаптар, түркітануға байланысты орта ғасырлардағы зерттеулер, түркітанудың ХУІІІ-ХХ	4	ОН2/КҚ



«Bolashaq» академиясы

Сапа менеджмент жүйесі
Білім беру бағдарламасы
7M01702– «Қазақ тілі мен әдебиеті»

СМЖ БББ-2020
Күні 27.08.21ж.
25 беттің 14 беті

			<p>ғасырлардағы және қазіргі кездегі зерттелуін біледі. Түркі тілдерінің дамуы мен қалыптасуы және ондағы негізгі дәуірлер, түркі тілдеріне жасалған тілдік жіктеулер жөнінде тұжырым жасауға дағдыланады. Жеке түркі тілдерінің зерттелу жайы мен дыбыстық, лексикалық, грамматикалық құрылысындағы негізгі белгілері сияқты мәселелерді талдай алу құзыреті болады.</p>		
	БП/КҚ	Түркі тілдерінің диахронды және синхронды зерттеу	<p>«Түркі тілдерін диахронды, синхронды зерттеу» пәнінің мақсаты - түркі тілдері, олардың жалпы сипаты, жеке түркі тілдерінің өзіндік ерекшеліктерін жан-жақты, терең меңгерту. Түркі тілдерін диахронды, синхронды зерттеу тақырыптары мен мазмұны бойынша ғылыми негізде, жүйелі білім алуына бағыт беріп, туыстас тілдердің ерекшеліктерінен кең түрде мәлімет алуларына жағдай туғыза білу. Түркі тілдерін диахронды, синхронды зерттеуді оқыту арқылы болашақтың білімді де, білікті тіл мамандарын ғылыми-теориялық тұрғыдан терең қаралуына дағдылы болу. Түркі тілдерін диахронды, синхронды зерттеудің өзіндік ерекшеліктерін жан-жақты, терең білуге құзыретті болу.</p>	4	ОН2/КҚ
	БП/КҚ	Түркітану мәселелері	<p>Түркітану мәселелеріндегі оқылым, тыңдалым, айтылым сөйлеу әрекеттерін меңгерту. Түркітану мәселелерін үйренуге қажетті мәтіндер оқудың, жаттығулар жасаудың, аударма жасаудың практикалық дағдыларын қалыптастыра білу. Түркітану мәселелерінде диалог және монолог түрінде сөйлеудің дағдысын жетілдіріп шығару. Түркітану мәселелеріндегі теориялық білімді іс жүзінде қолдана білу дағдыларын қалыптастыруда құзыретті болу</p>	4	ОН2/КҚ
8	БП/КҚ	Әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелері	<p>Қазақ әдебиетінің теориялық және монографиялық еңбектердегі зерттелу мәселелерін жүйелі түрде меңгереді. Әдебиеттану ғылымының қалыптасу кезеңінен бастап, күні бүгінге дейінгі аралықтағы өзекті мәселелерін біледі. Магистранттар әдебиеттануға кіріспе, әдебиет теориясы пәндерін меңгерген және әдебиеттану ғылымы және оның әдіснамасы, әлемдік әдебиеттанудағы</p>	3	ОН3/КҚ



«Bolashaq» академиясы

Сапа менеджмент жүйесі
Білім беру бағдарламасы
7M01702– «Қазақ тілі мен әдебиеті»

СМЖ БББ-2020
Күні 27.08.21ж.
25 беттің 15 беті

			ғылыми мектептер, олардың ғылыми зерттеудегі бағыттары, әдіс-тәсілдері жайлы зерттеушілік дағдысы қалыптасады. Әдебиеттануға кіріспе, әдебиет теориясы, қазақ әдебиетінің тарихы, қазақ әдебиеті сынының тарихы, орыс әдебиетінің тарихы, методологиялық мәселелері жөнінде білімділік құзыретіне ие болады.		
БП/КҚ	Қазақ әдебиеті тарихындағы ақтаңдақтар	Қазақ әдебиеті тарихындағы ақтаңдақтар еңбектерін жүйелі түрде, жан-жақты меңгереді. Қазақ әдебиеті тарихындағы ақтаңдақтар шығармаларының теориялық құндылықтары мен қайшылықтарын білуі керек. Магистранттар қазақ әдебиеті тарихындағы ақтаңдақтар еңбектерін теориялық тұрғыдан меңгеріп, әлемдік әдебиеттанудағы ғылыми мектептер, олардың ғылыми зерттеудегі бағыттары, әдіс-тәсілдері жайлы зерттеушілік дағдыларын қалыптастырады. Әдебиет тарихы, қазақ әдебиеті сынының тарихы, орыс әдебиетінің тарихы, методологиялық мәселелері жөнінде білімділік құзыретіне ие болады.	3	ОНЗ/КҚ	
БП/КҚ	Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиетінің негізгі даму бағыттары	Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиетінің негізгі даму бағыттарынан жан-жақты хабардар болып, сыни көзқарастарын қалыптастырады. Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиетінің негізгі даму бағыттарын айқындап, оның ұлттық әдебиеттану ғылымынан алар орнын анықтап, өзіндік теориялық тұжырымдарын қалыптастырады. Магистранттар қазақ әдебиеті тарихындағы тәуелсіздік тұсында жазылған прозалық, поэзиялық, драмалық туындыларды талдап, таразылай алатын дағдыға ие болады. Тәуелсіздік тұсында жазылған көркем шығармалардың табиғатын танып, өз бетінше теориялық тұрғыдан талдай алатын білімділік құзыретіне ие болады.	3	ОНЗ/КҚ	



«Bolashaq» академиясы

Сапа менеджмент жүйесі
Білім беру бағдарламасы
7M01702– «Қазақ тілі мен әдебиеті»

СМЖ БББ-2020
Күні 27.08.21ж.
25 беттің 16 беті

9	КП/КҚ	Тілдің тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері	<p>«Тілдің тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері» пәнін оқуда тіл тарихын дәуірге бөліп қарастырудағы алғашқы ізденістер мен ғылыми концепциялар арасындағы қайшылықтарды, теориялық көзқарастарды, осы бағыттағы жетістіктер мен іркілістерді қазіргі таңдағы басты талап тұрғысынан зерделеуді меңгереді.</p> <p>Тіл тарихын дәуірлеуге қатысты шетелдік және отандық ғалымдардың критерийлерін біледі.</p> <p>Тіл тарихын дәуірлеуге, әр дәуірдің өзіндік ерекшеліктерінің анықтауға дағдыланады.</p> <p>Тіл тарихын дәуірлеуде келтіріліп жүрген ғылыми-зерттеу ізденістерін тілші маман ретінде саралай алуға, талдай білуге құзыретті болады.</p>	3	ОН2/КҚ
10	КП/КҚ	Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиетінің даму тенденциялары	<p>Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиетінің негізгі даму бағыттарынан жан-жақты хабардар болып, сыни көзқарастарын қалыптастырады.</p> <p>Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиетінің негізгі даму бағыттарын айқындап, оның ұлттық әдебиеттану ғылымынан алар орнын анықтап, өзіндік теориялық тұжырымдарын қалыптастырады.</p> <p>Магистранттар қазақ әдебиеті тарихындағы тәуелсіздік тұсында жазылған прозалық, поэзиялық, драмалық туындыларды талдап, таразылай алатын дағдыға ие болады.</p>	5	ОН5/КҚ
	КП/КҚ	Қазақ тарихи романы: жеке тұлғаның философиялық мәні	<p>Ұлттық әдебиеттегі роман жанрының қалыптасуы, тәуелсіздік жылдарындағы әдебиетпен өзара сабақтастығын меңгереді.</p> <p>Проза жанрының дамуындағы іркілістер мен ізденістердің сыр-сипатын танып біледі.</p> <p>Тәуелсіздік тұсындағы әдебиеттің даму жолдарын бағамдау, әдеби-теориялық талдау жасауды меңгеру.</p> <p>Прозалық туындыларды әдеби талдау жолын игеру, әдебиеттің ұлттық сипатын танып, білу негізінде талдау жасай алу құзыреті қалыптасады.</p>	5	ОН5/КҚ
	КП/КҚ	Қазақ әдебиетіндегі дәстүр және жаңашылдық	<p>«Қазақ әдебиетіндегі дәстүр және жаңашылдық» таңдау пәні аясында соңғы онжылдықтар белестерінде жазылған романдарды тарихи шындық пен дәстүр және жаңашылдық, көркемдік шешім поэтикасы заңдылықтары</p>	5	ОН5/КҚ



«Bolashaq» академиясы

Сапа менеджмент жүйесі
Білім беру бағдарламасы
7M01702– «Қазақ тілі мен әдебиеті»

СМЖ БББ-2020
Күні 27.08.21ж.
25 беттің 17 беті

			<p>бойынша саралап қарастыру – басты мақсат.</p> <p>Қазақ романдардағы өмір шындығының тарихи шындықпен бейнеленуі, тарихилықтың көркемдік шындыққа негіз болуының ерекшеліктері, реалистік сипат пен көркемдік қиял жинақтауларының сабақтастығы, тарихи тұлғалар мен оқиғалардың көркемдік шешіммен жинақтала бейнеленуі т.б. мәселелерді білу</p> <p>Бұл курсты бастау үшін магистранттардың қазақ әдебиетінің тарихынан, әдебиеттану ғылымының тарихынан қажетті білімдері болуы керек</p> <p>Қазіргі қазақ әдебиеті, әдебиет теориясы, қазақ әдебиетінің тарихы, қазақ әдебиеті сынының тарихы пәндерінен білім құзыреттілігінің болуы;</p>		
11	КП/КҚ	XX-XXI ғасырлар межесіндегі қазақ әдебиеті	<p>Ғасырлар тоғысындағы қазақ әдебиетінің жаңа даму бетбұрысын меңгереді. Әдеби ағымдар мен бағыттардың сыр сипатын, қамылып отырған кезеңдегі қаламгерлер шығармаларының поэтикасы мен стиль даралығын біледі. Хронологиялық жүйені сақтай отырып, әдеби-теориялық тұрғыдан ғылыми, жүйелі талдаулар жасауға дағдыланады.</p> <p>Көркем мәтінді әдеби талдаудың тарихын, міндет-мақсаттарын және мазмұн мен эстетикалық тәсілдерді айыра білу, дүниетаным мен эстетизмді тани білу, талдау жасай алу құзыреті кемелденеді.</p>	5	ОН5/КҚ
		Тәуелсіз жылдардағы қазақ романы	<p>Ұлттық әдебиеттегі роман жанрының қалыптасуы, тәуелсіздік жылдарындағы әдебиетпен өзара сабақтастығын меңгереді.</p> <p>Проза жанрының дамуындағы іркілістер мен ізденістердің сыр-сипатын танып біледі.</p> <p>Тәуелсіздік тұсындағы әдебиеттің даму жолдарын бағамдау, әдеби-теориялық талдау жасауды меңгеру.</p> <p>Прозалық туындыларды әдеби талдау жолын игеру, әдебиеттің ұлттық сипатын танып, білу негізінде талдау жасай алу құзыреті қалыптасады.</p>	5	ОН5/КҚ
	КП/КҚ	Қазіргі қазақ прозасының типологиясы	<p>Қазіргі қазақ прозасының типологиясын тақырыптық, мазмұндық тұрғыдан топтастыра отырып меңгереді.</p> <p>Қазіргі қазақ прозасындағы ағымдар мен бағыттардың сыр-сипатын танып, білуге үйренеді. Ұлттық прозаның даму</p>	5	ОН5/КҚ
12	КП/КҚ	Қазақ лингвистикасындағы жаңа бағыттар	<p>Функционалды тіл білімінің өркендеуіне орай тіл білімі ғылымында қалыптасқан жаңа бағыттар жөнінде жан-жақты мәлімет меңгереді.</p>	6	ОН4/КҚ



«Bolashaq» академиясы

Сапа менеджмент жүйесі
Білім беру бағдарламасы
7M01702– «Қазақ тілі мен әдебиеті»

СМЖ БББ-2020
Күні 27.08.21ж.
25 беттің 18 беті

			Қазақ лингвистикасында қалыптасқан бағыттар туралы ғылыми пайымдаулармен танысып, олар жөніндегі теориялық тұжырымдарды біледі. Қазіргі қалыптасып отырған жаңа бағыттарға байланысты әдебиеттерді оқуға және өздігінен ізденуге дағдыланады. Қазақ лингвистикасында қалыптасып отырған жаңа бағыттар жөнінде, атап айтқанда, психолінгвистика, когнитивтік лингвистика, паралингвистика, этнолингвистика, прагмалингвистика туралы ой қорытуға құзыретті болады.		
	КП/КҚ	Қазақ тіліндегі этнолингвистиканың даму жолдары	Қазақ тіліндегі этнолингвистиканың даму жолдары жайлы теориялық материалдарды; қазақ тіліндегі этнолингвистиканың даму жолдары туралы; қазақ тіліндегі этнолингвистиканың даму жолдарына қатысты материалдарды талдау дағдысы; меңгерген теориялық білімін іс жүзінде пайдалана білу.	6	ОН4/КҚ
	КП/КҚ	Қазақ тіліндегі синкретизм құбылысы	Қазақ тіліндегі синкретизм құбылысы жайлы теориялық білім меңгереді., синкретизм құбылысы жайлы академиялық деңгейде білім алады. синкретизм құбылысына қатысты материалдарды талдауға, тәжірибе жүзінде еркін пайдалануға және оны оқытуға іскерлік жағынан дағдыланады. қазақ тіліндегі синкретизм құбылысы жайлы ғылыми пайым жасауға дағдыланған магистранттардың ғылыми ой қорыту, тұжырым жасау және өзіндік тұжырымға келу машығы артады. Осы арқылы кәсіби құзыреті жағынан жетіле түседі.	6	ОН4/КҚ
13	КП/КҚ	Қазақ тілі синтаксистік құрылысындағы үнемдеу құбылыстары	<i>Қазақ тілі синтаксистік құрылысындағы үнемдеу құбылыстарының жолдары мен себептерін меңгеріп шығады.</i> Сөйлем құрылысының толымсыз болу себептерін, ол арқылы кодталатын хабардың қабылдану ерекшеліктерін біледі. Синтаксистік құрылыстағы үнемдеу құбылыстарын сөйлемнің басқа құрылымдық түрлерімен салыстыруға әрі ара-жігін ажыратуға дағдыланады. Сөйлем синтаксисінің құрылу сипаты мен табиғатын біледі және тәжірибе жүзінде талдай алатын құзыреКҚе ие болады.	4	ОН2/КҚ
	КП/КҚ	Аяқталмаған сөйлемдердің	Аяқталмаған сөйлемдердің ақпараттық ауқымы туралы түсінікті меңгереді. Сөйлем құрылысының толымсыз болу себептерін, ол арқылы кодталатын	4	ОН2/КҚ



«Bolashaq» академиясы

Сапа менеджмент жүйесі
Білім беру бағдарламасы
7M01702– «Қазақ тілі мен әдебиеті»

СМЖ БББ-2020
Күні 27.08.21ж.
25 беттің 19 беті

		ақпараттық ауқымы	хабардың қабылдану ерекшеліктерін біледі. Аяқталмаған сөйлемдердің ақпараттық ауқымы туралы, синтаксистік құрылыстағы үнемдеу құбылыстарын сөйлемнің басқа құрылымдық түрлерімен салыстыруға әрі ара-жігін ажыратуға дағдыланады. Аяқталмаған сөйлемдердің құрылу сипаты мен табиғатын біледі және тәжірибе жүзінде талдай алатын құзыреКҚе ие болады.		
	КП/КҚ	Құрылымдық толымсыздық және грамматикалық мүшелер	Құрылымдық толымсыздық және грамматикалық мүшелер туралы түсінікті меңгереді. Құрылымдық толымсыздық және грамматикалық мүшелерге қатысты сөйлем құрылысының толымсыз болу себептерін, ол арқылы кодталатын хабардың қабылдану ерекшеліктерін біледі. Құрылымдық толымсыздық және грамматикалық мүшелер қатысты синтаксистік құрылыстағы үнемдеу құбылыстарын сөйлемнің басқа құрылымдық түрлерімен салыстыруға әрі ара-жігін ажыратуға дағдыланады. Құрылымдық толымсыздық және грамматикалық мүшелердің сипаты мен табиғатын біледі және тәжірибе жүзінде талдай алатын құзыреКҚе ие болады.	4	ОН2/КҚ
14	КП/КҚ	Ғылыми аударманың негіздері	Аударма ғылымының теориясы мен практикасын меңгереді. <i>Білу:</i> Ғылыми аударма және оның өзіне тән ерекшеліктерін біледі. Аударманы тілдік жағынан қарау дәлдікке, деректі нақтылыққа жол ашады, материалдарды жүйелеуге, тілдерді салыстыру арқылы неғұрлым жалпылаушы мәні бар қорытындылар жасауға мүмкіндік береді. Магистранттар осындай мүмкіндіктерді тәжірибе жүзінде пайдалануға дағдыланады. Аударма – тек шығармашылық емес, сонымен бірге нақты қозғалыстарды керек ететін технологиялық та үдеріс. Аударманың шығармашылық сипаты ғылыми аудармаға ғана тән емес, сол сияқты аударма қоғамдық-саяси, публицистикалық, ғылыми шығармаларда да шеберлікті қажет етеді. Магистранттардың осындай шеберлік құзыреті қалыптасады.	5	ОН2/КҚ
	КП/КҚ	Ғылыми мәтіннің прагматикалық мәселелері	Ғылыми мәтіннің прагматикалық мәселелері аударма ғылымының теориясы мен практикасын меңгертеді. :Ғылыми мәтіннің прагматикалық мәселелері тілдік элементтердің дұрыс,	5	ОН2/КҚ



«Bolashaq» академиясы

Сапа менеджмент жүйесі
Білім беру бағдарламасы
7M01702– «Қазақ тілі мен әдебиеті»

СМЖ БББ-2020
Күні 27.08.21ж.
25 беттің 20 беті

			<p>әсерлі қолданылуын өзінің объектісі санайтын стилистика тіл білімінің барлық салаларымен тығыз байланысты екендігі, оның ғылымдар арасында алатын орны, басқа ғылым салаларымен байланысы, оның зерттеу әдістері жайлы түсінік беру. Ғылыми мәтіннің прагматикалық мәселелері қазақ әдеби тілінің стилистикалық құралдары, стильдік тармақтары туралы мағлұмат беріп, оларды ажыратудың жолдарын көрсету, басқа да тілдік тұлғалардың қолданылуына қарай туындайтын мағыналық реңктерін, стильдік қырларын ажырата білуге дағдылы болу;</p> <p>Ғылыми мәтіннің прагматикалық мәселелерінің зерттеу нысаны, мақсаттары, негізгі ұғымдары, мәселелері. Қазақ прагмалингвистиканың зерттелу жайында білім беруге құзыретті болу.</p>		
	КП/КҚ	Арнайы мақсаттардағы қазақ тілі	<p>Нормативті қазақ тілінде қолданылған тілдік құралдардың мағынасын, мәнін, эстетикалық қызметін айқындай алу, көркем шығарманы талдаудың жолдары мен әдістерін меңгеру.</p> <p>Қазақ тілінің нормативті грамматикасын, көркем мәтін және оның түзілу заңдылықтарын, ондағы тілдік құралдардың көркем мазмұнды бейнелеуге қатысын білу</p> <p>Нормативті қазақ тілінің қызметін, өмір сүру формаларын, сөздің айтылуы мен жазылуын, дыбыс, әріп, фонема, үндестік заңы туралы, орфография туралы түсінік, олардың ерекшелігін айқындай. Нормативті қазақ тілфонетикалық дыбыс алмасуларына жатпайтын құбылыстардың сырын, морфологиялық қосымшалардың жалғану ерекшеліктерін ұғыну</p>	5	ОН2/КҚ
15	КП/КҚ	Көркем әдебиетті зерттеудің ғылыми-теориялық принциптері	<p>Көркем әдебиетті зерттеудің ғылыми-теориялық принциптерін меңгереді. Магистранттар қазақ, орыс, әлем әдебиеттанушыларының классикалық еңбектерінің құрылымы мен мазмұнын біледі. Ғылыми зерттеу ісін жоспарлау мен ұйымдастыру дағдысы қалыптасады. Ғылыми-зерттеу жұмысының ұйымдастырылуындағы негізгі принциптерді, ғылыми-зерттеу жұмысын жоспарлаудың кешенді бөлшектерін біртұтас дүние ретінде қарастыру құзыреті қалыптасады.</p>	4	ОН3/КҚ



«Bolashaq» академиясы

Сапа менеджмент жүйесі
Білім беру бағдарламасы
7M01702– «Қазақ тілі мен әдебиеті»

СМЖ БББ-2020
Күні 27.08.21ж.
25 беттің 21 беті

	КП/КҚ	Лириканы ғылыми зерттеу принциптері	<p>Лириканы оқытуға арналған ғылыми-теориялық еңбектерге шолу. Лириканы оқыту әдістемесі шығарманың тақырыптық-идеялық мазмұнына, эстетикалық-көркемдік қуатына, сабақтың оқу тәрбиелік міндеттеріне сай берілетін меңгерту.</p> <p>Лирикадағы ақындық тіл ой нақтылығымен, табиғи бояуымен, суреткерлік қуатымен сабақ көрнекілігін қамтамасыз етуі.</p> <p>Лириканы оқытудағы басты мәселе мазмұн мен форма бірлігін сақтау. Лирикадағы философиялық-эстетикалық, поэтикалық ой арқауын түсіну, шығармадағы шынайы адамдық сезім биігін ұғындыруға дағдылы болу.</p> <p>Көркем мәтінді әдеби талдаудың тарихын, міндет-мақсаттарын білу, мазмұн мен эстетикалық тәсілдерді айыру, дүниетаным және эстетизмді тани білу құзыреттілігіне ие болу.</p>	4	ОНЗ/КҚ
	КП/КҚ	Драмалық жанрлар теориясы	<p>Драмалық шығармалардың жанрлық ерекшеліктеріне тән заңдылықтармен таныстыру. Драмалық шығармалардың мәтінімен жүргізілетін жұмыс түрлері. Драмалық шығармаларға тікелей қатысты акт, көрініс, шегініс, монолог, диалог, ремарка, т.б. әдеби-теориялық ұғымдар қызметін меңгеу. Драмалық шығармалардың көркемдік ерекшеліктеріне талдау жасау жолдары. Драмалық образ, оның көркемдік бітіміне тән ерекшеліктерге назар аударту. Пьесаны сахналық қойылымға айналдырудағы драматург, режиссер, актер, суретші еңбегі. Драмалық жанрлардың табиғатын ажырата білу, Көркем мәтінді әдеби талдауды әдіснамалық тұрғыдан өсу-өркендеу жолына талдау жасай білуге дағдылы болу. Мектеп жағдайында драмалық шығармаларды оқытудағы әдістемелік тәжірибелерді меңгеру құзыреттілігіне ие болу.</p>	4	ОНЗ/КҚ
16	КП/КҚ	Академиялық грамматика теориясы	<p>Академиялық грамматика теориясы қамтып жатқан фонетика, морфонология, лексикология, сөзжасам, морфология және синтаксис жайлы теориялық білім меңгереді.</p> <p>Тілдің жекелеген салаларының әрқайсысы жайлы академиялық деңгейде білім алады. Грамматика теориясын тәжірибе жүзінде еркін пайдалануға және оны оқытуға іскерлік жағынан дағдыланады. Грамматика теориясы жайлы ғылыми пайым жасауға дағдыланған магистранттардың ғылыми ой қорыту, тұжырым жасау және өзіндік тұжырымға келу машығы артады. Осы</p>	5	ОН4/КҚ



«Bolashaq» академиясы

Сапа менеджмент жүйесі
Білім беру бағдарламасы
7M01702– «Қазақ тілі мен әдебиеті»

СМЖ БББ-2020
Күні 27.08.21ж.
25 беттің 22 беті

			арқылы кәсіби құзыреті жағынан жетіле түседі.		
	КП/КҚ	Мәтін синтаксисі	Мәтін лингвистикасының негізгі мәселелері мен ұғымдарын меңгереді: Мәтін параметрлерін, мәтін бірліктерін; Мәтінді талдай білу, мәтін категорияларын анықтау мәтін бірліктерін грамматикалық және семантикалық тұрғыдан зерттей білу; алған теориялық білімдерін практикада қолдана білу.	5	ОН4/КҚ
	КП/КҚ	Сөйлеу тілі синтаксисі	Тіл біліміндегі функционалды синтаксис мәселелерін меңгереді; сөйлеу тілі элементтері мен жазба тіл деректерін бір-бірінен ажырата алу және тілде қолдана білу. функционалды синтаксис саласына қатысты ғылыми еңбектерді саралай алу дағдылары, тілдік талдаулар жасай білу, алған теориялық білімдерін практикада қолдана білуге, сөйлесім әрекетінің тілдік бірліктерін орынды қолдана білу.	5	ОН4/КҚ
17	КП/МК	Зерттеу практикасы	Магистранттың зерттеу практикасы отандық және шетелдік ғылымның ең жаңа теориялық, әдіснамалық және технологиялық жетістіктерімен, ғылыми зерттеудің, экспериментті деректерді өндеудің және түсінік берудің қазіргі заманғы әдістерімен танысу мақсатында өтеді.	12	ОН6/МК
18	МҒЗЖ	Магистрлік диссертацияның орындалуын қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы	Алған білімін практикамен ұштастыра отырып, өз мамандығы бойынша ғылыми-зерттеу жұмысын жасауды меңгереді. Ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізудің принциптері мен тәсілдерін біледі. Ғылыми пайымдау, тұжырым жасауға, зерттеуші ретінде ой қорытуға дағдыланады. Ғылыми әдебиеттермен жұмыс жасау және теория мен практиканы ұштастыру құзыретіне ие болады.	24	



«Bolashaq» академиясы

Сапа менеджмент жүйесі
Білім беру бағдарламасы
7M01702– «Қазақ тілі мен әдебиеті»

СМЖ БББ-2020
Күні 27.08.21ж.
25 беттің 23 беті

4. Білім беру бағдарламасының мазмұны

№	Модуль түрі	Модуль атауы мен шифры	МК/ЖК/КҚ	Пәнкоды	Құзырет қалыптастыратын пәндер атауы	ECTSкредиттер көлемі	Сағат саны	Семестр	Бақылау түрі	Оқыту нәтижелері (коды)	
1	ЖМ	KG 01 Қоғамдық-гуманитарлық	ЖК	GTF 5201	Ғылым тарихы мен философиясы	4	120	1	Е	ОН1/ЖК	
2			ЖК	ShT 5202	Шетел тілі (кәсіби)	5	150	1	Е	ОН1/ЖК	
3			ЖК	JMP 5203	Жоғарғы мектеп педагогикасы	4	120	1	Е	ОН1/ЖК	
4			ЖК	BP 5204	Басқару психологиясы	4	120	1	Е	ОН1/ЖК	
1 Модуль бойынша барлығы:						17	510		4		
5	ММ	DSZ 02 Диахронды - синхронды зерттеулер	КҚ	TTDTN 5301	Тілдің тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері	3	90	1	Е	ОН2/КҚ	
6			КҚ	TTTSZ 5207	Түркі тілдерін тарихи-салыстырмалы зерттеу	6	180	2	Е	ОН2/КҚ	
			КҚ	TTTSZ 5207	Түркі тілдерін диахронды, синхронды зерттеу						ОН2/КҚ
			КҚ	TM 5207	Түркітану мәселелері						ОН2/КҚ
7			КҚ	GAN 5306	Ғылыми аударманың негіздері	6	180	3	Е	ОН2/КҚ	
				GMPM 5306	Ғылыми мәтіннің прагматикалық мәселелері					ОН2/КҚ	
				AMKT 5306	Арнайы мақсаттардағы қазақ тілі					ОН2/КҚ	
2 Модуль бойынша барлығы:						15	450		3		



«Bolashaq» академиясы

Сапа менеджмент жүйесі
Білім беру бағдарламасы
7M01702– «Қазақ тілі мен әдебиеті»СМЖ БББ-2020
Күні 27.08.21ж.
25 беттің 24 беті

8		АОМ 03 Әдебиеттанудың өзекті мәселелері	КҚ	ATDTN 5205	Әдебиет тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері	4	120	2	E	ОН3/КҚ	
				UATKT 5205	Ұлттық әдеби теориясының қалыптасу тарихы						ОН3/КҚ
				UAGT 5205	Ұлттық әдебиеттану ғылымының тарихы						ОН3/КҚ
9			КҚ	AGOM 5208	Әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелері	6	180	2	E	ОН3/КҚ	
			КҚ	KATA 5208	Қазақ әдебиеті тарихындағы ақтаңдақтар						ОН3/КҚ
			КҚ	TZhKANDB 5208	Тәуелсіздік жылдардағы қазақ әдебиетінің негізгі даму бағыттары						ОН3/КҚ
10			КҚ	KAZGTP 6307	Көркем әдебиетті зерттеудің ғылыми-теориялық принциптері	6	180	2	E	ОН3/КҚ	
			КҚ	LGZP 6307	Лириканы ғылыми зерттеу принциптері						ОН3/КҚ
			КҚ	DZhT 6307	Драмалық жанрлар теориясы						ОН3/КҚ
3 Модуль бойынша барлығы:						16	480		3		
11	ММ	ЛТ 04 Лингвистика теориясы	КҚ	KLZhB 6304	Қазақ лингвистикасындағы жаңа бағыттар	6	180	2	E	ОН4/КҚ	
			КҚ	KTELDJ 6304	Қазақ тіліндегі этнолингвистиканың даму жолдары						ОН4/КҚ
			КҚ	KTSK 6304	Қазақ тіліндегі синкретизм құбылысы						ОН4/КҚ
12			КҚ	AGT 6308	Академиялық грамматика теориясы	5	150	3	E	ОН4/КҚ	
			КҚ	MS 6308	Мәтін синтаксисі						ОН4/КҚ
			КҚ	STS 6308	Сөйлеу тілі синтаксисі						ОН4/КҚ



«Bolashaq» академиясы

Сапа менеджмент жүйесі
Білім беру бағдарламасы
7M01702– «Қазақ тілі мен әдебиеті»

СМЖ БББ-2020
Күні 27.08.21ж.
25 беттің 25 беті

13			КҚ		Педагогикалық практика	3	90	3		ОН4/КҚ
4 Модуль бойынша барлығы:						14	420		2	
14	ММ	КАУ 05 Қазіргі әдеби үрдіс	КҚ	TZhKANDB5208	Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиетінің даму тенденциялары	6	180	3	Е	ОН5/КҚ
			КҚ	KTRZhTFM6302	Қазақ тарихи романы: жеке тұлғаның философиялық мәні					ОН5/КҚ
			КҚ	KADZh6302	Қазақ әдебиетіндегі дәстүр және жаңашылдық					ОН5/КҚ
15			КҚ	GMKA 6303	XX-XXI ғасырлар межесіндегі қазақ әдебиеті	4	120	3	Е	ОН5/КҚ
			КҚ	TZhKR 6303	Тәуелсіз жылдардағы қазақ романы					ОН5/КҚ
			КҚ	KKPT6303	Қазіргі қазақ прозасының типологиясы					ОН5/КҚ
5 Модуль бойынша барлығы:						10	300		2	
16		TGA 06 Тәжірибе және аттестаттау	МК	МҒЗЖ	Магистрлік диссертацияның орындалуын қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы	24	720	1,2,3,4		
17			МК		Зерттеу практикасы	12	360	4		ОН6/МК
18			МК	МДРҚ	Магистрлік диссертацияны рәсімдеу және қорғау	12	360	4		
6 Модуль бойынша барлығы:						48	1440		2	
Оқу жоспары бойынша барлығы:						120	3600		16	